

Мұхтар Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі
“Балалар және театр” жобасын жүзеге асыру аясында құрылған
“Самғау” театр үйірмесінің 2023-2024 оқу жылына арналған талдау жұмысы

Театр қоғамды адамгершілік пен рухани құндылыққа бастайтын бірден бір жол екені сөзсіз. Әдеби шығарманы сахналық қозғалыспен, яғни, өзіне ғана тән театрлық бояумен жаңа күйге енгізіп, ондағы өзара қарым-қатынастарды тірілтеді. Әрбір іс-қимыл, ашу-ыза, сезім дірілі, шаттық-күлкі, қуаныш пен қайғы тікелей көрерменге әсер етіп, түрлі күйге түсіреді. Театр өнері көрерменнің өмірге, қоғам тыныс-тіршілігіне деген өзгеше көзқарасын қалыптастырады. Көрерменге патриоттық тәрбиені дәріптеп, тарихқа сыр шерту мақсатында “Самғау” театр үйірмесінің 2023-2024 оқу жылындағы алғашқы сахналық қойылымы “Ахмет Байтұрсынов -қазақ халқының рухани көсемі” атты қойылымнан басталды. Бұл кеште ұлттың ұлы ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлының елге еткен еңбектері мен еріксіз елең еткізет өлеңдері оқылды.



Театр – мәдени орта қалыптастыратын орын. Өнерсүйер қауым театрға рухани баю үшін келеді. Театр – халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің аса маңызды құралы. Ол, яғни, театр өнері көрерменнің өзгелерге деген, басқа халықтар өмірі мен қоғам тіршілігіне деген ынта – ықыласын арттырумен қатар, достық сезімін де күшейте түсуге әсер етеді. Дүние жүзіндегі түрлі халықтардың географиялық – тарихи даму өзгешелігі мен олардың өмір – тұрмысы, әдет – ғұрпы, әр алуан театр жүйелерінің туып, қалыптасуына ықпал жасайды. Театр – қазіргі күні дүниежүзілік кеңістікте кеңінен қанат жайып, өркендеп – өсіп келе жатқан синтездік өнер. Театр әлемі ұғымының бойында халықтың мұңы, қоғамның әлсіз тұстарының мәселелері ешқашанда ұмыт қалып көрмеген. Театрдың тарихи жағынан қалыптасып, даму, өсіп-өркендеу жолы әрбір ұлттың, әр халықтың өмір – тұрмысымен, олардың жалпы тарихымен және мәдениетімен тығыз байланысты дей келе “Театр – өмірдің боямасыз келбеті” сабағында театрдың шығу тарихы, сахна мәдениеті туралы сөз қозғалды.

Желтоқсан оқиғасын ойға алғанда дір етпейтін жүрек жоқ. Желтоқсан-қалғып бара жатқан қазақтың қайта оянған ұлттың рухы. 16- желтоқсан -Тәуелсіздік күніне орайқойылған “Ызғарлы желтоқсан” қойылымында өршіл намыс мұқалмас жігерді жас актерлеріміз көрсете білді.




Қаңтар айында “Жұлдыз бала” үздік қойылым байқауы өтті. 6-7 сынып оқушылары өздері оқыған шығарма желісі бойынша сахналық қойылымдар қойды.



10-11 сынып оқушылары Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» шығармасының желісі бойынша сахналық қойылым қойды. Бұл көріністен кейін қазақ қызының тәрбиесі жайлы жайлы сөз қозғалды. Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т.б жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу; Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық, мол жылдар» атты шығармасын талдай отыра, оқушылардың ой-өрісін дамыту, іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды.



Оралхан Бөкей «Тортай мінер ақ боз ат» қойылымы арқылы кішкентай актерлер үміт, арман, қиял адам баласының қанаты екенін, қанағат пен бауырмалдылықтың керектігін көрсете алды. Әкешесінен айырылған баланың адами қасиеттерге бай болып өсуі, қарапайымдылық пен зеректілікті, арманшыл болуын әсерлі жеткізе алды.



Үйірменің алғашқы сабағынан бастап оқушыларға актерлік шеберлік элементтерін таныстыру жұмыстары жүргізілді. Мимика, жест-ишара, пластика, әр баланың шығармашылық әлеуетін ашуға, дамуға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Шығармашылық белсенділігін, толеранттылық, ұжымдық қарым-қатынас және қарым -қатынас дағдыларын қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізілді.

Директор Ж.Т.Жанайдаров
Үйірме жетекшісі Е.Е.Әуезханов

